



**МЕНІ АЯҚТАН  
ШАЛҒЫСЫ  
КЕЛЕТІНДЕР  
КӨП**

→3



**ЕЛІМІЗДЕ  
ШАХМАТТАН ЖЕКЕ  
МЕМЛЕКЕТТІК  
БАПКЕР ДЕ ЖОҚ**

→3



**АЙМАҚ СПОРТЫ  
ДАМЫМАЙ,  
ҚАЗАҚ СПОРТЫ АЛҒА  
ЖЫЛЖЫМАЙДЫ**

→4

# ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы  
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық  
апталық

qazaqsporty.kz

№8 (5359)  
11 наурыз 2022 жыл

Газет жұма  
күні шығады

kazakh\_sporty@mail.ru

## №31

### ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫНЫҢ ЖАҢА МАУСЫМЫ ЖАЛАУЫН КӨТЕРДІ



**БИЫЛ 31-ШІ РЕТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП ТҰРҒАН АЛАМАНДА 14 КОМАНДА БАҚ СЫНАЙДЫ. ЕЛІМІЗДІҢ ҚАЗІРГІ ЧЕМПИОНДАРЫ «ТОБЫЛ» АЛҒАШҚЫ ТУРДА «АҚЖАЙЫҚТАН» БАСЫМ ТҮСТІ. БЕС ДҮРКІН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНЫ «АСТАНА» ҚАРАҒАНДЫДАН КЕЛГЕН «ШАХТЕРДІҢ» ҚОРҒАНЫСЫН БҰЗА АЛМАДЫ. ТУРДЫҢ ОРТАЛЫҚ КЕЗДЕСУЛЕРІНІҢ БІРІНЕН САНАЛҒАН «ҚАЙРАТ» ПЕН «АҚТӨБЕ» АРАСЫНДАҒЫ МАТЧ АЛМАТЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖЕҢІСІМЕН АЯҚТАЛДЫ. МАУСЫМНЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН ЖАҢАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРІ – ТҰҒЫШ РЕТ ЕЛ ЧЕМПИОНАТЫНДА VAR ЖҮЙЕСІ ҚОСЫЛДЫ.**

Биылғы маусымның беташар ойыны Шымкенттегі Қажымұқан Мұнайпасов атындағы Орталық стадионда өтті. Маусымаралық үзілісте Премьер-лигада ойнау-ойнамауы белгісіз болған «Ордабасы» қаржылық қиындықтарды жеңіп, ақыры аламанға қосылды. Беларусь маманы Александр Седневтен тәлім алатын шымкенттік команда 1-турда Қазақстан премьер-лигасына биыл ғана қосылған «Мақтаарал» командасын қабылдап, 1:1 есебімен тең ойнады. Ойынның 18-минутында «Мақтааралдың» шабуылшысы Биляль Себаихи осы маусымдағы алғашқы голды соғып, командасын алға шығарды. Бірақ, алаң иелері көп күттірмей, арада 20 минут өткенде таразы басын теңестірді. «Ордабасы» сапынан Ньюадзи Серж гол соқты.

Ойынның екінші жартысы алма-кезек шабуылдармен өрбіді. Есепте алға шығуға екі жақтың да мүмкіндіктері болғанымен, бірде шабуылшылар мұлт кетіп жатса, енді бірде қақпашылары қырағалық танытты. Есеп ойын соңына дейін өзгерген жоқ. Осылайша, «оңтүстік дербиі» тең аяқталды.

→5

#### «ОРДАБАСЫ» (Шымкент) – «МАҚТААРАЛ» (Мақтаарал) – 1:1

**Гол соққандар:** Себаихи, 18 (0:1), Ньюадзи Серж 38 (1:1)

**Ескерту алғандар:** Әмірсейтов, 24, Чикида, 60;

**«Ордабасы»:** Шайзада, Астанов, Батищев, Кристиано, Гедеш (Тәжібай, 67), Ньюадзи (Халматов, 85), Сұлтанов, Тұрсынбай, Хаджиев (Ваганов, 71), Абдумажитов, Шәмші;

**«Мақтаарал»:** Литовченко, Ахматов, Бобоев (Оралбай, 69), Бруно (Жаксыбайұлы, 60), Жұматов (Тұзақбаев, 79), Западня, Әмірсейтов, (Чикида, 46), Потапов, Рүстемов, Себаихи (Кенжебек, 79), Юденков;

**Төрешілер:** Чесноков (Өскемен), Панин (Қостанай), Акбаров (Семей);

**VAR төрешілері:** Тевяшов (Орал), Тергеусіззов (Алматы);

**5 наурыз. Шымкент қаласы. Қ.Мұнайпасов атындағы стадион. 1000 жанкүйер.**

## ГЕРЛИЦ

### ЗАВОЕВАЛ БРОНЗОВУЮ МЕДАЛЬ ПАРАЛИМПИЙСКИХ ИГР-2022



**КАЗАХСТАНЕЦ АЛЕКСАНДР ГЕРЛИЦ СТАЛ БРОНЗОВЫМ ПРИЗЕРОМ ПАРАЛИМПИЙСКИХ ИГР-2022 В ПЕКИНЕ.**

Спортсмен занял третье место в парабиаatlone. Александр Герлиц проявил себя на дистанции 10 километров (LW6).

Первым на финише был канадец Марк Аренц. Второе место осталось за украинцем Григорием Вовчинским.

Добавим, что награда Герлица стала первой в активе сборной Казахстана.



\*\*\*

Глава государства Касым-Жомарт Токаев поздравил с бронзовой медалью Паралимпиады-2022 казахстанского спортсмена Александра Герлица.

«На Паралимпийских играх в Пекине казахстанский биатлонист Александр Герлиц завоевал бронзовую медаль в гонке на 10 км. Это первая медаль Казахстана на Зимних паралимпийских играх в Пекине. От всей души поздравляю Александра и желаю ему дальнейших спортивных достижений!» - написал в Twitter Касым-Жомарт Токаев.



## БАСПАСӨЗ-2022



Мырзағали АЙТЖАНОВ, бокстан әлемнің екі дүркін «Ең үздік бапкері»

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қадірлі спорт жанкүйерлері, спорт мамандары, жаттықтырушылар мен спортшылар, «Қазақ спорты» газетіне 2022 жылға жазылу науқаны жалғасып жатыр.

Сүйікті газеттеріңіздің жыл бойы үйге келіп тұрғанын қаласаңыз, бір жылға толық жазылыңыздар!

«Қазақ спорты» газетінің индексі жеке жазылушылар үшін – 64190, кәсіпорындар мен ұйымдар үшін – 14190.

#### ГАЗЕТТІҢ БАҒАСЫ ЖӘНЕ ҚАЙДА ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

«Қазпошта»	Индексі	Жазылымды қабылдау шарттары:	1 ай (2 ай)	3 ай (4 ай)	6 ай	12 ай	
64190	Жеке жазылушылар үшін	- жеке жазылушылар үшін	446,25	1338,75	2677,50	5355,00	Қала
		- кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	642,87	1994,61	2789,22	5578,44	Аудан/ауыл
		- жеңілдікпен жазылу	141,90	425,71	841,42	1682,84	Қала
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		704,87	2114,61	4229,22	8458,44	Аудан/ауыл
<b>«Эврика пресс»</b>							
64190	Жеке жазылушылар үшін		487,00	1461,00	2922,00	5844,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		756,00	2268,00	4536,00	9072,00	
<b>«Еуразия пресс»</b>							
64190	Жеке жазылушылар үшін		492,00	1476,00	2952,00	5904,00	
14190	Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		761,00	2283,00	4566,00	9132,00	
<b>«Бектұрғанов»</b>							
64190	Жеке жазылушылар үшін		507,00	1521,00	3042,00	6084,00	

# МОРОЗОВ – КЕЗЕҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

**ХАМАРДА ЕРЛЕР АРАСЫНДА 500 МЕТР ҚАШЫҚТЫҚҚА СПРИНТ ЖӘНЕ КЛАССИКАЛЫҚ КӨПСАЙЫС БОЙЫНША ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ АЯҚТАЛДЫ.**

Қазақстандық конькиші Сергей Морозов бұл қашықтықты 36,12 уақыт көрсеткішті бағындырып, кезең жеңімпазы атанды.

Екінші орынды жапон Рикү Цутия (36,40), қола жүлдені норвегиялық конькиші Педер Конгшауг (36,40) иеленді.

1. Сергей Морозов (Қазақстан) – 36,12;
2. Рикү Цутия (Жапония) +0,28
3. Педер Конгшауг (Норвегия) +0,28

Фото: ҚР ҰОК



## АЗИЯ БІРІНШІЛІГІ: БЕС БОКСШЫ ҚЫЗЫМЫЗ ФИНАЛДА

**ИОРДАНИЯНЫҢ АММАН ҚАЛАСЫНДА БОКСТАН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ АЗИЯ БІРІНШІЛІГІ ЖАЛҒАСУДА.**



Жартылай финал жекпе-жектерінің қорытындысы бойынша, бес қазақстандық боксшы қыз ақтық сынға жолдама алды.

ҚР ҰОК мәліметінше, 46 келідегі Диана Елеусіз өзбекстандық Жасми Тохировадан, 48 келідегі Гауһар Зарден үндістандық қарсыласынан жеңілді. 52 келідегі Шахназ Тайыржанова, 54 келідегі Айша Сариевалар да үнді спортшыларына есе жіберді. 57 келідегі Анар Сәлімбаев иорданиялық Ая Сувиндехтке 2:3 есебімен жол берді. Ауыр салмақтағы Аружан Зейноллаева өзбек қыз Собирахан Шахобидиновадан жеңілген.

50 келідегі Карина Тоқыбай, 60 келідегі Ұлдана Тубай, 63 келідегі Нұрсулу Сүйенәлі, 66 келідегі Аружан Жангабаевалар жартылай финал кездесулерінде жеңіске жетті. Сондай-ақ, 80 келідегі Құралай Егінбайқызы өзбекстандық Рукшон Парпиеваны 5:0 есебімен ұтты.

Осылайша, бес боксшы қызымыз Азия чемпионатының финалында жұдырықтасарды.

## БИАТЛОННАН ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ КЕЗЕҢІ ӨТЕТІН ЕЛ АНЫҚТАЛДЫ

**ЭСТОНИЯ БИАТЛОННАН ӘЛЕМ КУБОГЫНЫҢ КЕЛЕСІ КЕЗЕҢІН ҚАБЫЛДАЙДЫ.**



Бұл туралы Olympic.kz сайты хабарлады. Жарыстар Отепя қаласында өтеді. Бағдарлама спринт, масс-старт және эстафеталық жарыстардан тұрады.

Әлем кубогы кезеңі 10-13 наурызға жоспарланған.

## БАС ЖАТТЫҚТЫРУШЫНЫҢ ЖОСПАРЫ ҚАНДАЙ?

**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫНЫҢ БАС БАПКЕРІНІҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ АНДРЕЙ КАРПОВИЧ АЛДАҒЫ ЖОСПАРЫ ТУРАЛЫ АЙТТЫ.**

Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкерінің міндетін атқарушы Андрей Карпович алғашқы сұхбатын Қазақстан футбол федерациясының баспасөз қызметіне берді.

– Сенім білдіргені үшін Қазақстан футбол федерациясына алғысымды айтамын. Ұлттық құраманы жаттықтыру – мен үшін үлкен абырой және жауапкершілік. Алға қойылған мақсат – екі ойын қорытындысы бойынша Молдованы жеңіп, УЕФА



Ұлттар лигасының «С» дивизионында қалу. Әзірге одан басқа ештеңе жоспарламадық.

Ең алдымен кездесулерге қатысатын ойыншылардың тізімін айқындау қажет. Командаға шақырылатын футболшылар алға қойылған тапсырманы түсінуге тиіс. Оң нәтижеге жету үшін ғана жасыл алаңға шығу міндет. Бүгіннен бастап футболшылардың физикалық жағдайын бақылаймыз. Бұл жаттықтырушылар штабының жұмысы. Уақыттың өте аз екенін жақсы түсінеміз.

Өкінішке қарай, Серікжан Мужиков жаракат алып, ұзақ мерзімге қатардан шығып қалды. Біз Қазақстанда жүргендіктен чемпионат пен ойыншылардың барлығын жақсы білеміз. Басты басымдығымыз осы. Барлық үміткерлер бойынша мәліметтер жинап жатырмыз. Футболшылардың ұзартылған тізімі бар, алайда нақты тізім оқу-жаттығу жиынында анықталады. Жаңа ойыншылар шақырылады.

Біздің міндет – ойын тәжірибесі бар және алдағы қос ойында нақты тапсырмаларды орындай алатын мықты футболшыларды жинау, – деді Андрей Карпович.

## ҚҰРМАНҒАЛИЕВ – ЕКІ ДҮРКІН КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР

**КАТАРДА ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДА «WTT YOUTH STAR CONTENDER» ТУРНИРИ ӨТУДЕ.**



Аталған сынға қазақстандық Алан Құрманғалиев та қатысып жатыр. Жарыс қорытындысы бойынша қазақстандық спортшы екі күміс медаль жеңіп алды.

Жекелей сында ол қатарлық Мохаммед әл Салуатиді 3:0, тунистік Юссеф Айдлиді 3:0, австриялық Юлиан Рзихаушеканы 3:1, болгариялық Ян Величковты 3:1 есебімен жеңіп, финалда жапониялық Тамито Ватанабеден 1:3 есебімен ұтылды.

Жұптық сында Құрманғалиев тунистік Юссеф Айдлимен бірге күміс жүлдегер атанды.

## ТАЕКВОНДОШЫЛАРЫМЫЗ ҮЗДІК ҮШТІККЕ ЕНДІ

**ТАЕКВОНДОДАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЙЕЛДЕР ҚҰРАМАСЫ 32-ШІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ FAJR OPEN ТУРНИРИНДЕ ҮЗДІК ҮШТІККЕ ЕНДІ, ДЕП ХАБАРЛАЙДЫ ҚАЗАҚСТАН ТАЕКВОНДО ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.**

Бұған дейін коржынымызға 73 келідегі Жансель Дениздің күміс медалі мен 62 келінің өкілі Әмина Нұрғазықызы иеленген қола жүлденің түскенін хабарлағанбыз.

Өкінішке қарай, жарыстың екінші күнінде аруларымызға сәттілік те, әділ төрелік те жетіспеді. Даянға шыққан төрт

қызымыздың екеуі – Мария Севостьянова (57 келі) мен Айгүл Елубай (+73 кг) ширек финалға жетіп, жартылай финалдың жолдамасы үшін таласта жергілікті спортшыларға жол берді.

Әйелдер құрамасының жаттықтырушысы Сәуле Сардарованың айтуынша, Әйелдер арасындағы доданың халықаралық деген аты болмаса, төрешілердің арасында бір де бір шетелдік маман жоқ. Төрешілік ету тек жергілікті арбитрлерге тапсырылған. Бұл жайтқа қатысты өзге елдер де шағымын жеткізген.



Дегенмен мұның өзі таеквондошыларымыздың алғашқы үштікті түйіндеуіне кедергі келтіре алған жоқ.

Ал еншісінде 36 ұпайы бар Иран көш бастаса, екінші орынға Өзбекстан құрамасы жайғасты.

## ҮЗДІК ОНДЫҚТЫҢ ҚАТАРЫНДА

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ КОНЬКИШІ ЕКАТЕРИНА АЙДОВА НОРВЕГИЯНЫҢ ХАМАР ҚАЛАСЫНДА ӨТІП ЖАТҚАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА 500 МЕТР ҚАШЫҚТЫҚҚА ЖҮГІРУДЕН БАҚ СЫНАДЫ.**

Айдова 38,40 секунд уақыт көрсетіп, мәреге жетінші болып жетті.

Бірінші орынды голландиялық Фемке Кок, екінші орынды австриялық спортшы Ванесса Герцог және үшінші орынды Польша спортшысы Анжелика Войчик иеленді.

Еске сала кетсек, 2022 жылғы Бейжің Олимпиадасында Екатерина Айдова дәл осы қашықтықты 38.54 жүгіріп өтіп, 20-шы нәтиже көрсеткен болатын.



## ДІНМҰХАМЕД ҚАШКЕН «ЖАЛЬГИРИСКЕ» АУЫСТЫ

**ЛИТВАНЫҢ БІРНеше ДҮРКІН ЧЕМПИОНЫ "ЖАЛЬГИРИС" КЛУБЫ 22 ЖАСТАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОРҒАУШЫ ДІНМҰХАМЕД ҚАШКЕНМЕН КЕЛІСІМШАРТҚА ОТЫРДЫ.**

Қашкен кәсіби карьерасын 2016 жылы «Астанада» бастаған. Ол Қазақстан премьер-лигасында 19 ойын өткізген. «Астанадан» бөлек, «Жетісу», «Ақтөбе» және «Қайсар» командаларында өнер көрсеткен.

Биылғы жылы ол Қарағандының «Шахтерімен» келісім-шартқа отырған. Алайда бір айдан кейін кетіп қалды.

«Жальгирис» клубын қазақстандық маман Владимир Чебурин жаттықтырады.

photo: olympic.kz

## НАДЕЖДА – ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕР

**ҚАЗАҚСТАНДЫҚ НАДЕЖДА МОРОЗОВА КЛАССИКАЛЫҚ СЫНДА 500 МЕТР ҚАШЫҚТЫҚҚА ЖҮГІРУДЕН ҮШІНШІ ОРЫН ИЕЛЕНДІ.**

Хамарда (Норвегия) конькимен жүгіруден спринтерлік және классикалық көпсайыстан әлем чемпионатында жерлесіміз Надежда Морозова 38.590 уақытпен жалпы есертте үшінші орынға жайғасты.

Көш басында жапониялық Михо Такаги тұр. Ал екінші орын оның отандасы Аяно Сатонның еншісінде.

Бетті дайындағандар –  
**Бек ТӨЛЕУ, Мәдина АСЫЛБЕК**





## Елена КРУГЛЫХИНА: МЕНІ АЯҚТАН ШАЛҒЫСЫ КЕЛЕТІНДЕР КӨП

**ФРИСТАЙЛ-МОГУЛДАН ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАСЫНЫҢ БАС БАПКЕРІ ЕЛЕНА КРУГЛЫХИНА ДА СҰХБАТ БЕРДІ. ОЛ БЕЙЖІНДЕГІ СӘТСІЗДІКТІ ҚОРЫТЫНДЫЛАП, ӨЗІНЕ ТАҒЫЛҒАН АЙЫПТАРҒА ЖАУАП БЕРДІ.**

– Қысқы спорттағы басты мәселе не?

– Біз – жас мемлекетпіз. Біз келесі Олимпиада ойындарында жеңіске жетудің жолдарын табамыз және оған бүгіннен бастап дайындалуымыз керек. Сондықтан өзіміздің базаларымыз, кешендеріміздің болуы маңызды. Могул жолын салуға миллиондаған доллар кетпейді. Қазір біздің жаттығу жасайтын орындарымыз тіптен кішкентай. Инфрақұрылымды дамытуға тиіспіз.

– Олимпиада неге сәтсіз аяқталды?

– Олимпиадашыларда мынадай түсінік бар: яғни спортшыға физикалық қабілеттен бөлек, сәттілік те қажет. Біздің ПТР-тестілеуден жолымыз болмады. Бұған кім жауапты екенін білмедім. Бәлкім, Халырақалық олимпиада комитеті, мүмкін Бейжіңдегі ұйымдастырушылар болар. Әйтеуір ПТР-тест нәтижесі 3 сағатқа кешікті.

– Бейжіңге дейін сізді айыптағандар бар. «Спортшылардан ақша жинаған» деген сөздер айтылды...

– Бұл арандатушылық екені анық. Команданың сәтсіз өнер көрсетуі үшін әдейі жасады.

– Сосын мен мұны қалыпты жағдай деп бағалаймын. Өйткені нәтиже бар жерге тұмсығын тыққысы келетіндер табылады. «Егер менен артық нәтиже көрсеткілерің келсе, орнымды босатуға дайынмын» деп айтқанмын.

– Өзіңіз осындай ұрыс-керіс, жанжалдарға жақын жүретін жансыз ба?

– Жоқ, мен ондай емеспін. Кикілжіңді ұнатпаймын. Бірақ

мені мәжбүрлейді. Бұл да қалыпты жағдай. Сондай кезде одан сайын жігерленемін. Өз саламның үздігімін деп айта аламын.

– ҰОК бас хатшысы Андрей Крюков фристайл-могулға 537 миллион теңге бөлінгенін мәлім етті. Осы қаржыны бөлгенде оны спортшылар қолдарына ала ма?

– Бізге әрбір тиын жетті. Сосын спортшылардың картасына аудару туралы ұсыныстың бастамашысымын. Бапкерлер емес, осы күні спортшылар өздері алады. Бапкерлер ақшаға араласқан емес.

– Жақында сіздің құрбыңыз Елена Хурсталева бір сұхбатында жасөспірімдерден ересектерге ауысқанда көптеген спортшыны жоғалтып алатынымызды айтты. Бұған қандай фактор себеп?

– Бірнеше себебі бар. Олимпиада орталығына, қателеспесем, 12 жастан қабылдайды. Сосын 20 жасқа дейін жүруге болады. Бірақ олар жалақы төлемейді. 18-20 жастағы ересек адам мүлде ақша алмайды. Ама жоқ, туған-туыстарының есебінен күн көреді. Сосын спортты тастап, жұмыс істеп кетеді. Біреуі көлік жөндейтін орталықта, екіншісі мейрамханада даяшы болып жүреді. Сол кезде көбісінен айырылып қаламыз.

– Ресейде шаңғы федерациясын бұрынғы спортшы Елена Вяльбе басқарады. Оның осы жолғы шешімдері мен атқарған жұмысының арқасында олар жақсы нәтижеге қол жеткізді. Бізге де сондай тәжірибе қажет пе?

– Бұл жерде мәселе өте нәзік. Ресей – үлкен мемлекет. Оларда спортқа көп ақша бөлінеді. Вяльбе – өзі



Олимпиада чемпионы. Дайындаған жобасын қолға алып, шенеуніктердің кабинетіне барған. Жолы болып, олар қолдаған. Міне, соның құрамды таңдау кезінде және басқа тәуекел еткен шешімдері өз жемісін берді.

– Осы ретте Юлия Галышеваны айтайын. Ол қалай Олимпиада жүлдегері атанды. Мен құрама тізгінін ұстаған кезде Сәкен Мұсайбеков Мәдениет және спорт вице-министрі болып тағайындалды. Жолым болды ма, әлде қажетті сөзді тауып айта алдым ба, екеуіміздің ойымыз бір

жерден шықты. Мен ол кісіге медаль әкелеміз деп уәде еттім. 2015 жылдан бастап Олимпиадаға дейін бізде мәселе болған емес. Жарыстарға уақтылы қатысып тұрдық. Қаңтар оқиғасы кезінде ғана қиындық туындады.

– Ал қазір фристайл-могулдан қандай мәселе бар?

– Бізге осы маусымды аяқтау керек болып тұр. Өйткені дәл қазір қаржы жоқ. Ұлттық олимпиада комитеті министрліктен ақша алмаған. Сондықтан алдағы әлем кубогының үш кезеңіне қатыса алмаймыз.

– Министр Дәурен Абаев нәтиже көрсетпеген бапкерлерді ауыстыру керек деп жатыр. Бізде жаттықтырушылар қабілеттерін шыңдаумен айналыса ма?

– Спорт бір орында тұрмайды. Мен үнемі ізденемін. Бапкерліктен бөлек, спорттық медицинаға қызығушылық танығамын. Сәуір айында Ресейдің Пермь қаласына спорттық медицина бойынша семинарға барамын.

Өңгімелескен  
Бек ТӨЛЕУ

**Дәрмен СӘДУАҚАСОВ,** ГРОССМЕЙСТЕР:

## ЕЛІМІЗДЕ ШАХМАТТАН ЖЕКЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАПКЕР ДЕ ЖОҚ

**ЖАҚЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «СПОРТ ПЕН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ ДАМУ» МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖІЛІСІНДЕ ГРОССМЕЙСТЕР ДӘРМЕН СӘДУАҚАСОВ ЕЛІМІЗДІҢ ШАХМАТЫНДА ҚОРДАЛАНҒАН БІРАЗ МӘСЕЛЕ БАР ЕКЕНІН АЙТТЫ.**

«Біз Ерлан Лұқпанұлымен бұған дейін де бірнеше рет кездесіп, елдегі ахуалды талқыладық. Өкінішке қарай, соңғы кездері сырттағы оқиғалар да жағдайды ушықтырып жатыр. Теңгенің бүгінгі ахуалын көріп отырмыз. Тиісінше инфляцияның болуы да заңдылық. Мұның бәрі алдағы уақытта жұмыс орындарының қысқаруына да әкелуі мүмкін. Мұнай-газ секторына да қауіп төніп тұр. Өздеріңіз білесіздер, мұнай-газ компаниялары Ресеймен байланысын үзіп жатыр. Қазақстанға қатысты мәселелер де көтеріліп жатыр. Бұл өз кезегінде біздің экономикаға да қауіп.

Өзім «Болашақ» бағдарламасымен Питтсбург қаласында оқыдым. Бұл шаһар Эндрю Карнегидің арқасында бір кездері болат өнеркәсібінің орталығы болған. Дәл осы шаһарда әлемдегі болаттың 71 проценті өндірілген. XX ғасырдың 60-жылдары ол жақта дағдарыс орнады. Себебі болат

Қытай мен Кореяда да өндіріле бастады. Салдарынан АҚШ-тың болат өндірісі тоқтады. Жұмыс орындарынан айырылған Питтсбург үлкен күйзеліске ұшырады. Өз-өзіне қол жұмсау, мародерлік белең алды. Ал қазір олар АҚШ-тағы өмір сүруге ең қолайлы қала саналады.

Олар бұл дағдарыстан қалай шықты? Олар спортты дамытты. Инвестицияның барлығын спортқа құйды, американдық футбол, хоккей және бейсболға арналған үш стадион салды. Бүгінде «Питтсбург Пингвинз» хоккей клубы барлығы біледі. Сол арқылы олар елдің, ұлттың, адамдардың рухын көтерді.

Ұлт рухы дегеніміз – спортты өмірі көрмейтін анамың әлем чемпионатындағы Қазақстанның нәтижесі қандай екенін сұрауы, спортты білмейтін жұбайымның таң атпай тұрып Головкиннің жекпе-жектерін тамашалауы. Ұлт рухы дегеніміз



– адамдардың ешкім мәжбүрлемей-ақ өзгелерге жанкүйер болуы. Мұның бәрі қажеттілік, адам баласы белгілі бір жетістіктермен мақтанғанды қажет етіп тұрады.

Өкінішке қарай, Олимпиада ойындарындағы соңғы нәтижелер көңіл көншітпейді. Бұл тек спорттық нәтиже туралы емес. Бүгін залда отырғандардың барлығы спортқа тікелей қатысы бар адамдар және олар

халықтың мақтануына сеп болатындар. Сондықтан да қазір терең ойланып, дұрыс шешім қабылдайтын уақыт екенін түсінуіміз керек. Себебі үлкен зауыттар салу – өте күрделі әрі ұзақ уақытты талап ететін бағдарлама. Үкіметтің жағдайды тұрақтандыру үшін қолдан келгеннің бәрін жасап жатқаны түсінікті. Дәй тұрғанмен спорт жағына көбірек ден қою керек деп ойлаймын.

Шахматқа тікелей қатысым болғандықтан, соңғы уақытта біздің шахматта сапалы серпіліс болды деп айта аламын. Соңғы он жылда шахматшыларымыз әлем чемпионаттарында 40-тан астам медаль иеленді. Әйелдер құрамасы екі рет әлемнің үздік үштігінің қатарына енді. Жақында ғана 17 жастағы Бибисара Асаубаева блицтен әлем чемпионатында топ жарды. Оның еңбегі

еленіп, тіпті Мемлекет басшысының қабылдауында да болды. Біздің әйелдер құрамасы өте жас, тиісінше дәл осы құрамның өзі тағы 15 жылдай олимпиадаларда медаль үшін таласуға қауқарлы. Олардың артынан еріп келе жатқан қыздарымыздың өзі қаншама. Бәсеке өте жоғары. Ал ерлер арасындағы шахматта қаржыландыру мәселесі өзекті. Тіпті жеке мемлекеттік бапкердің өзі жоқ. Біздің бапкер тоғызқұмалақтан да мемлекеттік бапкер болып қызмет етеді.

Тағы бір жайт, шахматтың өңірлердегі дамуына да тоқталғым келеді. Ата-аналардың балаларының болашағы үшін салып жатқан қаржысының арқасында Алматы, Нұр-Сұлтан қалаларында шахматтан нәтиже ауыз толтырып айтарлық. Жан басына шаққандағы қаржыландыру бағдарламасы өңірлерге қажет. Себебі ауыл-аймақтардағы ата-аналардың балаларына инвестиция құюға жағдайы келмейді. Сондықтан басты қалалардан бөлек шағын қалаларда және аудан-ауылдарда да секциялар, орталықтар ашу үшін күш салу қажет», деді алқа жиналысында гроссмейстер Дәрмен Сәдуақасов.

Дәулет ТҰРЛЫХАНОВ:

# АЙМАҚ СПОРТЫ ДАМУДАЙ, ҚАЗАҚ СПОРТЫ АЛҒА ЖЫЛЖЫМАЙДЫ

**ЖАҚЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН «СПОРТ ПЕН ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ ДАМУ» МӘСЕЛЕЛЕРІ АРНАЛҒАН КЕҢЕЙТІЛГЕН АЛҚА МӘЖЛІСІНДЕ ГРЕК-РИМ, ЕРКІН ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ ДӘУЛЕТ ТҰРЛЫХАНОВ СПОРТ САЛАСЫНДАҒЫ БІРАЗ МӘСЕЛЕНІ ҚОЗҒАПА, ОБЛЫСТЫҚ СПОРТ БАСҚАРМАЛАРЫНА ҚАТЫСТЫ БАТЫЛ ОЙЛАР АЙТТЫ.**

## ОЛИМПИАДАДАҒЫ СӘТСІЗДІК

– Біз неге Токио мен Бейжіңде сәтсіз өнер көрсеттік. Бізге спорт кешендері жетіспейді, жағдай жасалмаған деген сылтауларды азайту керек. Бұқаралық спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасының арқасында Қазақстанның облыстары мен облыс орталықтарында көптеген спорт кешендері салынды. Бүгінгі таңдағы ең негізгі проблема жаттықтырушыларда болып тұр. Жаттықтырушы – спорттағы ең маңызды адам.

Екі жыл бойы немеремді грек-рим күресіне беремін деп жаттықтырушы таба алмадым. Облыстық спорт басқармасының басшысынан грек-рим күресінен неше бапкер бар десем, 32 жаттықтырушы деп айтты. Бірақ баланы кімге беру керектігін көрсете алмады.

Қысқы Азия ойындары кезінде даңғарадай кешендер салынды. Ал қазір соның көбісі бос тұр. Өйткені бұқаралық спортқа рұқсат етілмеген. Барлық коммуналдық мекемелер ақша табуды ойлайды. Ал бірақ коммуналдық шығындарын мемлекеттік бюджеттен жауып отыр. Жөндеу жұмыстарына да қаржыны мемлекеттен алады. Соған қарамастан жалға беріп, ақша табады.

## ЖАТТЫҚТЫРУШЫЛАРҒА ДЕГЕН КӨЗҚАРАС ӨЗГЕРУІ КЕРЕК

Бапкерлерге деген көзқарасты өзгертпей, спортта нәтиже болмайды. Амақ жоқ, жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру бағдарламасы бойынша жұмыс істеуге кетеді. Қазір сол бағдарлама арқылы көбірек ақша табуға болады. Егер бапкерлердің жағдайын жасамасақ, тек өздерін ойлап, ақша табудың жолына түседі.

Осы бағдарлама бойынша комиссия құру керек. Бұл бағдарламаның елдегі спортты дамытуға қаншалықты пайдасы барын анықтау керек.

Осы ретте облыстық спорттың басшыларының назарын аударғым келеді. Сіздерді әкімдер тағайындайды. Қаржыны да әкімдік бөледі. Бірақ Мәдениет және спорт министрлігінде басымдық беретін спорт түрлері бар. Әкімдеріңіз футболды жақсы көреді екен деп, бюджеттің 70 пайызын ойын түрлеріне салып тастауға болмайды ғой. Сосын қалған ақша олимпиадалық спорт түрлеріне бөлінеді. Соны ескеру керек. Бәріміздің илеп жүргеніміз бір терінің пұшпағы. Қазақ спортының имиджін көтеру қажет.

Соңғы 4 жылда қай облыс қандай спорт түрлеріне қаржы бөлгенін



анықтау керек. Ревизия жүргізілуі тиіс. Осыдан кейін бәрі белгілі болады.

Грек-рим, еркін күрес түрлерінде 10 салмақтан бар. Олимпиадалық даярлау орталықтары жарыстарға тек 3-4 салмақ түрлерін ғана қаржыландырады. Қалғаны ақшаны қайдан табады? Ал негізі кемі 2 құрамды қаржыландыру керек. Ол деген 20 адам. Егер олай істемесе, жаба салған дұрыс шығар.

Егер облыстық спорт басқармалары тарапынан қолдау болмаса, қазақ спорты алға жылжымайды. Үнемі әкімдермен ұрыстық-керістік. Бірақ өз мақсатымызға жететінбіз. Мәселе вице-премьерге дейін жететін.

Сыртқы имиджді ойлауымыз керек. Осылай жүре берсек, ештеңе де өзгермейді. Қазір басты кураторымыз Ералы Тоғжанов сөйлеген кезде бәрі

дұрыс деп бастарын шұлғып отыр. Мәселе айтқандары тым сирек.

Біз кезінде көркем гимнастшымыз Әлия Юсупованы Ресейге жіберіп, Олимпиадаға дайындадық. Атақты Ирина Виннерден тәлім алды. Илья Ильиннің жұбайын Олимпиадаға қоса ертіп апардық. Бейжіңде алтын алды. Серік Сәпиев пен Ермахан Ыбырайымовтың қандай жолдан өткенін жақсы білесіздер.

Енді Халықаралық олимпиада комитетінің мамандарын шақырып, дәріс оқытуымыз керек. Бізге мамандарды даярламаса болмайды. Париж Олимпиадасына үш жыл қалды. Ойланбаса болмайды. Экономикамыздың шамасы жетеді. Әрбір облыс бір Олимпиада жүлдегерін дайындай алады. Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысының басқалардан несі кем?

## ОБЛЫСТЫҚ СПОРТ БАСҚАРМАЛАРЫН ҚОЛДАУ МАҢЫЗДЫ

Спортшылар айтқандай, облыстық спорт басқармаларына ревизиялық тексеріс қажет. Олар еліміздің спорттық имиджін ойлайтындай болуы қажет. Спорт басқармаларына бақылауды күшейту қажет. Соңғы екі-үш жыл көлемінде қандай спорт түрлерін қаржыландырығанын құжат жүзінде талап ету керек. Көбісі Олимпиада чемпионы, медалі қажет дегенді ойламайтыны байқалады. Өйтеуір, әкім тиіспей, орнымнан алып тастамаса болды дегенмен өмір сүреді. Сосын спортшылар арасындағы қажеті жоқ интригадан артылуымыз керек.

Осы күні қандай бапкер жаттықтыратынын спортшылар шешетін болған. Бұл сұмдық. Бұрын мұндайды атымен естімейтін едік. Ал қазір қалыпты жағдайға айналған.

## АЛЕКСАНДР ВИНКУРОВ АЙЫНА 70 МЫҢ ЕУРО АЛАДЫ

Сосын ол бапкерлердің жалақысы туралы айтты. Сербияда өткен бокстан әлем чемпионатында екі алтын медаль алған бапкер Қайрат Сәтжанов пен Astana Pro Team велокомандасының бас менеджері Александр Винокуровтың айлығын салыстырды.

«Бокстан құраманың бас бапкері Қайрат Сәтжановтың 9 баласы бар. Ол жыл бойы үйінде болмайды. Алатын жалақысы – 700 мың теңге. Велокоманда басшысы Александр Винокуровка, қателеспесем, 70 мың еуро төленеді. Осы дұрыс па?», дейді Дәулет Тұрлыханов.

## БАҚ ӨКІЛДЕРІ ВОЛЕЙБОЛ ОЙНАДЫ

СПОРТТЫҚ ІС-ШАРА 8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІНЕ ОРАЙЛАСТЫРЫЛДЫ



**ИНДУСТРИЯ ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ӨТКЕН МИИР PRESS CUP – 2022 ТУРНИРІНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАҚ-ТАРДАН 7 ҚЫЗДАР КОМАНДАСЫ ҚАТЫСТЫ: «QAZAQSTAN» РТРК, «ХАБАР» АГЕНТТІГІ, «ЖЕТИНШІ АРНА», «ЕУРАЗИЯ – БІРІНШІ АРНАСЫ», «BAQ.KZ» АҚПАРАТТЫҚ ПОРТАЛЫ, «EGEMEN QAZAQSTAN» ЖӘНЕ «АЙҚЫН» ГАЗЕТТЕРІ.**

Жеребе қорытындысы бойынша командалар екі топқа бөлініп, олардың жеңімпаздары финалда турнир кубогына таласты. Бас спорттық жұлде актық сайыста жеңіске жеткен «Qazaqstan» РТРК командасына бұйырды. Екінші орынды «Жетінші арна» қызметкерлері иеленді. Қола жұлде «Хабар» агенттігінің қоржынында. Жұлделі төртінші орын «Baq.kz» ақпараттық порталының аруларына тапсырылды. Жарысқа белсенді қатысқан «Еуразия – Бірінші арнасы» телеарнасы – «Көрермен көзайымы», «Egemen Qazaqstan» газеті – «Ең сүйкімді команда», «Айқын» газеті «Ең сұлу команда» аталымдарын иеленіп, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

«Жарыс мақсаты – журналистер арасындағы достықты арттыру, Халықаралық әйелдер мерекесімен құттықтау. Спорттық сайыс болғандықтан

саламатты өмір салтын насихаттау. Достық бар жерде – өсу бар, бірлік бар жерде – береке бар. Соны қолдап, бүгін осындай іс-шара өткізіп жатырмыз. Бұл жерде маңыздысы – жұлделі орын алу емес, осында келіп қатысу, бас қосып, бір-бірімен танысу. Біздің де ұйымдастырудағы мақсатымыз сол», деді ИИДМ баспасөз хатшысы Жанжігіт Омархан.

Айта кетерлігі, турнирге Qazaq geophysics және Kazakhmys Barlau компаниялары қолдау білдірді. Ұйымдастыру жұмыстарына BAQ League журналистер лигасы атсалысты. BAQ League БАҚ жұмысшылары үшін тимбилдинг. Бұған дейін мини-футболдан тоғыз маусым және волейболдан чемпионат өткізген. Жалпы алғанда, BAQ League маусымдарына Қазақстанның түрлі өңірлерінен 50-ден астам БАҚ-тан 700-ден астам журналист қатысты.




Фото: Еран Омар

## ОЛҒАНЫҢ ҚЫЗЫ ДА ЧЕМПИОН

**ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ МАҚТАНЫШЫ, УШ ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРІ ОЛҒА РЫПАКОВАНЫҢ ҚЫЗЫ АНАСТАСИЯ АНАСЫНЫҢ ЖОЛЫН ҚУЫП, ҮШ ҚАРҒЫП ЖӘНЕ ҰЗЫНДЫҚҚА СЕКІРУМЕН ЖАСТАЙЫНАН АЙНАЛЫСЫП КЕЛЕДІ.**

Анасы Ольга Рыпакова өз тәжірибесімен бөлісті, шыдамдылық, сын сәтте дұрыс шешім қабылдау секілді қасиетті оған бала кезінде үйретті. Анастасияның нәтижесі де көп күттірген жоқ. Қазірдің өзінде облыс, ел біріншіліктерінде сан мәрте топ жарып үлгерді.

Жақында Өскемендегі Ольга Рыпакова атындағы жеңіл атлетика манежінде ел чемпионаты аяқталды. Анастасия бұл жолы да ерледі. Ұзындыққа секіруден 6 метр 11 см секіріп, ел чемпионы атанды. Семейлік Надежда Дубовицкая 1 метр 96 см нәтижемен

Қазақстан чемпионы атанса, өскемендік Елизавета Матвеева қола медаль иегері болды. Сонымен қатар риддерлік Арина Гладышева мен Регина Митрофанова 1500 метрлік қашықтықта күміс пен қола медаль иеленді.

Өскемендегі жеңіл атлетика

манежінде осы наурыз айында 16 мен 18 жасқа дейінгі саңлақтар арасында тағы екі республикалық біріншілік өтпек. Пандемиядан бір жарым жыл бойы есеңгіреп қалған спортшыларымыздың екінші тынысы ашылып, енді алысқа шабатыны барлығымызды қуанта бергей...



## ӨСКЕМЕНДЕ БАЙКШЕРИНГ БАР

**ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ЖАҚСЫЛЫҚ ОМАР ШАҒАРДАҒЫ СПОРТ САЛАСЫН ДАМУҒА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛЕДІ. БОС УАҚЫТЫНДА ӨЗІ ДЕ ФУТБОЛ ОЙНАП, БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫҢ ЖАНДАНУЫНА ЖАН САЛЫП ЖҮРГЕН АЗАМАТТЫҢ ТЫНДЫРҒАН ІСТЕРІ БАРШЫЛЫҚ.**

Мәселен, Шығыс кенті мен 19-шы және 28-ші шағын аудандарда футбол алаңдары пайдалануға берілді. Шағын ауданда тұратын тұрғындардың өтінішін орындау мақсатында мұнда шайбалы хоккей қораптарын салу

қолға алынды. Қаладағы екі мұз манежі тұрғындардың жиі бас қосатын сүйікті жеріне айналған.

Олимпиада ойындарының чемпионы Борис Александров атындағы спорт сарайы, Стаханов көшесіндегі дене

шынықтыру кешені күрделі жөндеуден өткен. Мұнда да бұқаралық спортты мұрат еткендер қалаған уақыттарында келіп тегін жаттыға алады.

Былтыр облыс орталығында байкшеринг, яғни велосипедтерді жалға алудың автоматтандырылған жүйесі іске қосылғанын айта кетейік. Міне, өздер өрнектенген өскелең қала Өскеменнің басшылығы осындай игілікті істер атқаруда.

## ТӨРТ СПОРТ МЕКТЕБІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

**ДӘЛ ҚАЗІР СЕМЕЙДЕ ТӨРТ СПОРТ МЕКТЕБІ БАР. ОЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ ӨЗ ЕСІГІН БАЛҒЫН СПОРТШЫЛАРҒА КЕҢІН АШҚАН. ОСЫ СПОРТ МЕКТЕПТЕРІНДЕ ТӨРТ МЫҢНАН АСТАМ БАЛА МЕН ЖАСӨСПІРІМ ТЕГІН ЖАТТЫҒУДА. ОНЫҢ ҮСТІНЕ ҚАЛАДАҒЫ 22 СПОРТ ФЕДЕРАЦИЯСЫ МЕН ТҮРЛІ БАҒЫТТАҒЫ 27 СПОРТ КЛУБЫНДА СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕНДЕРГЕ БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН.**

Семей қалалық спорт бөлімінің басшысы Ерлан Әубәкіровтің айтуынша, бұқаралық спортты дамытуда қалада көп игі істер атқарылған. «Арена», «Голд Кинг», «Цементник» спорт кешендерінде жаттығатын жастарға қызмет көрсету тегін. Қаладағы «Локомотив», «Спартак» стадиондарына күрделі жөндеу жасалмақ. Ол ол ма, «Отель номад» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мәдени спорты кешені бассейнінде мүмкіндігі шектеулі балаларға жүзу бойынша тегін қызмет көрсетіледі. Қорыта айтқанда, Семей спортында елеулі өзгерістер бар.



Оңдасын ЕЛУБАЙ, «Қазақ спорты газетінің Шығыс Қазақстан облысындағы өз тілшісі

Суреттерде: Өскемендегі жабық жүзу бассейні, Рыпакова атындағы жеңіл атлетика манежінде бұқаралық спорт жарыстары жиі өтеді.

Суреттер автордікі.

## №31

## ФУТБОЛДАН ҚАЗАҚСТАН ПРЕМЬЕР-ЛИГАСЫНЫҢ ЖАҢА МАУСЫМЫ ЖАЛАУЫН КӨТЕРДІ



← 1

### «АСТАНА» (НҮР-СҰЛТАН) – «ШАХТЕР» (ҚАРАҒАНДЫ) – 0:0

**Ескерту:** Габышев, 26, Дарабаев, 43, Қуат, 54, Бейсебеков, 67, Досмағамбетов, 76, Назаренко, 90;  
**Алаңнан қуылды:** Ламанж, 90+5;  
**«Астана»:** Милошевич, Бейсебеков (Кусяпов, 70), Бескоровайный, Дарабаев, Қуат (Эбонг, 62), Манзорро, Айымбетов (Камава, 80), Поляков (Басманов, 80), Сильва, Томасов, Эуженио;  
**«Шахтер»:** Шацкий, Габышев, Граф, Досмағамбетов (Назаренко, 89), Каньяс, Мальяров, Муртазаев (Тәттібаев, 84), Назымханов (Ламанж, 89), Рустемович (Адуев, 70), Чосич, Букорац;  
**Төрешілер:** Затула (Өскемен), Коляев (Павлодар), Лесив (Семей);  
**VAR төрешілері:** Сахи (Қызылорда), Тасыбаев (Павлодар);  
**5 наурыз. Нұр-Сұлтан қаласы. «Астана Арена» стадионы. 2000 жанкүйер;**

Нұр-Сұлтандағы «Астана Арена» стадионына жиналған 2000 жанкүйер «Астана» мен «Шахтер» арасындағы текетіресті тамашалады. Екі команда да өткір шабуыл ұйымдастырғанымен қақпаға гол соғылмады.

Бұл ойында екі команда да бір ұпайдан алады. Алайда, ойыннан кейін белгілі болғандай, «Астана» регламент ережелерін сақтамағандықтан оларға жеңіліс жазылуы әбден мүмкін. Өйткені, елордалықтардың бас бапкері Срджан Благоевич алаңға жеті бірдей легионер қоя беріп, өрескел қателік жіберді. Жарыс ережесі бойынша алаңда бір уақытта алты легионер (*Еуразиялық Экономикалық Одақ елдерінен бөлек*) ойнауы тиіс. Ал «Астана» бас бапкері болса, ойынның 80-минутында Абат Айымбетовті либериялық Мохаммед Каамарға ауыстырып, легионерлер санын жетеуге арттырып жіберді. Дегенмен, әзірге Қазақстанның кәсіпқой футбол лигасы ресми мәлімдеме жасамады.

### «АТЫРАУ» (АТЫРАУ) – «АҚСУ» (АҚСУ) – 0:0

**Ескерту алағандар:** Тұңғышбаев, 12, Нәбижанов, 40, Хижниченко, 66, Катрич, 89;  
**«Атырау»:** Айрапетян, Барановски, Бисси, Гжельчак (Қалыбаев, 87), Нәбижанов, Петрович, Сапаров (Антанавичиус, 63), Сейтқалиев (Плетнев, 63), Тақулов, Тарасов, Филипович (Катрич, 75);  
**«Ақсу»:** Кучеренко, Гаджибеков, Жақсыбаев, Жырғалбекұлы, Қайырқенов (Бакаев, 69.), Какимов (Оспанов, 88), Құлжанов (Красотин, 69), Әбікен, Сүйімбаев, Тұңғышбаев (Марат, 78), Хижниченко (Смаилов, 78);  
**Төреші:** Гороховодацкий, (Алматы), Бельский (Тараз), Навроцкий (Нұр-Сұлтан);  
**VAR төрешілері:** Рахымбаев (Алматы), Тихонюк (Ақтөбе);  
**5 наурыз. Атырау қаласы. «Мұнайшы» стадионы. 100 жанкүйер;**

Қазақстан премьер-лигасына жаңадан қосылған «Ақсу» командасы алғашқы ұпайларын алып үлгерді. Ақсулықтар «Атыраумен» сырт алаңда 0:0 есебімен ойнады. Жалпы «Ақсудың» құрамы жаман емес. Еліміздегі біраз тәжірибелі ойыншыларды жинаған команда маусым қорытындысы бойынша үздік алтылыққа кіріп жатса, таң қалмаймыз. Дегенмен, «Атыраумен» болған ойында «ақсулықтардың» жеңіске жететіндей мүмкіндігі болып еді. Бірақ, шабуылшы Сергей Хижниченко гол соғатын жүз пайыздық мүмкіндікті мүлт жіберіп алды.



### «КАСПИЙ» (АҚТАУ) – «ҚЫЗЫЛЖАР» (ПЕТРОПАВЛ) – 1:0

**Гол соққан:** Әділ, 66;  
**Ескерту алағандар:** Паноков, 24, Мартинс, 69, Конне, 85;  
**«Каспий»:** Аязбаев, Ардашивили, Әділ (Телеш, 78), Барановский, Бондаренко, Киреенко (Нүсіп, 83), Нарзілдаев, Нұрғалиев, Тайкенов, Тигруджа (Дмитренко, 87), Цуцкич;  
**«Қызылжар»:** Лобанцев, Живкович, Зорич, Каршакевич, Бушман (Козлов, 75), Мартинс, Мурачев, Нколло (Сидоренко, 84), Паноков (Мульдинов, 66), Подио (Конне, 66), Шмидт;  
**Төрешілер:** Измайлов (Талдықорған), Карлов (Павлодар), Павлов (Алматы);  
**VAR төрешілері:** Ноженко (Талдықорған), Васютин (Алматы);  
**5 наурыз. Ақтау қаласы. «Жас Қанат» стадионы. 1500 жанкүйер.**

Былытғы маусымда үздік төрттіктің төрінен орын алған «Қызылжар» маусымды сәтсіз бастады. Ақтауда «Каспий» клубымен алаңға шыққан Андрей Карповичтің командасы 0:1 есебімен ұтылып қалды. Бір қызығы, ақтаулықтардың «Қызылжар» командасына сонау 2016 жылдан бері «тісі батпай» жүрген еді. Араға алты жыл салып, «Каспий» 10 ойынға (2 тең, 8 жеңіліс) созылған жеңіссіз серияны бұзды.

### «ТҰРАН» (ТҮРКІСТАН) – «ТАРАЗ» (ТАРАЗ) – 0:0

**Ескерту алағандар:** Федин, 4, Тәубай, 34, Гадрани, 43, Байтана, 54, Залеский, 75, Нұрдаулет, 90+6;  
**Алаңнан қуылды:** Әбілғазы, 85;  
**«Тұран»:** Токотаев, Диакате, Залеский, Керімжанов, Клещенко, Мұсабеков (Тапалов, 90+13), Нұрғалиев (Танпов, 89), Нөсербаев (Мұхаммед, 77), Осучукву, Әбілғазы, Федин;  
**«Тараз»:** Сейсен, Ахметов, Байтана, Гадрани, Гамақов (Шахметов, 90), Даиров, Жұмабек (Дос Сантос, 90+6.), Кеңесбек (Джуниор, 90+14), Қожамберді (Караман, 90), Әмірханов, Тәубай (Нұрдаулет, 90+6);  
**Төрешілер:** Кучин (Қарағанды), Калачев (Атырау), Конивец (Қарағанды);  
**VAR төрешілері:** Нұрмұстафина (Теміртау), Мағау (Алматы);  
**5 наурыз. Түркістан қаласы. «Тұран Арена» стадионы. 4000 жанкүйер.**

«Тұран» мен «Тараз» арасындағы матчқа 4000 жанкүйер жиналды. Бұл осы турдағы екінші үздік көрсеткіш.

Түркістандық команда биылғы жылдың басында бас бапкерлікке Владимир Газзаевті тағайындаған болатын. Бұған дейін «Ақтөбе», «Тобыл» сияқты командалармен жұмыс істеп, ештеңе өндірмеген бапкер «Тұранды» түрлендіре алар ма екен?!

### «ҚАЙРАТ» (АЛМАТЫ) – «АҚТӨБЕ» (АҚТӨБЕ) – 2:0

**Гол соққан:** Канте, 67-пен (1:0), Канте, 83 (2:0);  
**Ескерту алағандар:** Оразов, 7, Гуральски, 36, Канте, 83;  
**«Қайрат»:** Устименко, Баньяк, Буранчиев, Гуральски, Қасаболат, Кейлер, Жоао Пауло (Ульшин, 90+4), Сейдахмет, Үсенов (Швырев, 61), Алвеш, Шушеначев (Канте, 61);  
**«Ақтөбе»:** Покатилов, Балашов, Видемонт, Гинаитис (Қыбырай, 84), Ерланов, Жулпа, Логвиненко, Мальяров, Оразов (Камбаров, 79), Алвеш, Шомко (Кеңесов, 73);  
**Төрешілер:** Московченко (Павлодар), Белоградов (Павлодар), Филоненко (Тараз);  
**VAR төрешілері:** Байымбет (Тараз), Лабапов (Атырау);  
**6 наурыз. Алматы қаласы. «Орталық» стадион. 9200 жанкүйер;**



